

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 4 хаттама

Кентау қаласы

10. 12. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, PhD А.Аманов, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПҚ.

Күн тәртібінде

- 1 ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы
- 2 Факультет білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайын талдау
- 3 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау
- 4 Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы
- 5 ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
- 6 Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы
- 7 2026-2027 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау
- 8 Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза факультет кафедралары ПОҚ-дың индикативті жоспарларына сәйкес 2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) индикативті жоспарлары бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және ұйымдастырушылық бағыттар бойынша жоспарланған көрсеткіштердің басым бөлігі толық көлемде орындалды. Атап айтқанда: оқу жүктемесінің орындалуы нормативтік талаптарға сәйкес; оқу-әдістемелік кешендер уақтылы әзірленіп, жаңартылды; ғылыми жарияланымдар мен ғылыми іс-шараларға қатысу бойынша жоспарлы көрсеткіштер сақталды; студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары бекітілген жоспарға сай өткізілді. Сондай-ақ, ПОҚ-индикативті жоспарларының орындалуы барысы ағымдағы жағдай бойынша қанағаттанарлық деңгейде екендігін атап, алдағы уақытта жүйелі бақылауды ұсынды.

Шешім 1.1:

ПОҚ-индикативті жоспарларының орындалуы барысы қадағалансын.

Екінші мәселе түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы туралы сөз алған Электр инженериясы кафедрасының меңгерушісі З.Қ.Абдикулова Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы талаптарының 53-тармағына сәйкес жұмыспен қамтудың маңыздылығына тоқталды. Және жұмысқа орналасу туралы келесі ақпаратты ұсынды:

Білім беру бағдарламалары	Жалпы түлектер саны	жұмысқа орналасқандар
6B07153-Электр энергетикасы	29	75%
6B07154-Автоматтандыру және басқару	17	69%

Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі

А

Сөз кезегін алған Г.Ниязова: Инженерия факультетінің магистратура білім беру бағдарламалары бойынша 2025 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу жағдайына талдау жүргізілді. Талдау нәтижелері бойынша түлектердің басым бөлігі алған мамандықтары бойынша салаларда еңбек қызметін атқарып отыр. Сонымен қатар, жекелеген түлектер оқуын одан әрі жалғастыруды немесе кәсіби дамуға бағытталған қызмет түрлерін таңдаған. Жалпы алғанда, Инженерия факультетінің магистратура түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіштері еңбек нарығының талаптарына сәйкес келеді және қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланды. Алдағы кезеңде жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастықты күшейту және түлектерді қолдау шараларын жалғастыру ұсынылады.

Сөз кезегін алған Ж.Калимбетова түлектердің жұмысқа орналасуы факультеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2025 жылға – 82,5% екендігін айтып өтті. Ал, жалпы факультет бойынша бітірушілер саны 114, ал олардың жұмысқа орналасу көрсеткіші–59% екендігін айтып өтті және бұл көрсеткіш факультеттің стратегиялық даму жоспарынан төмен көрсеткішті көрсететіндігін айтты.

Л

Шешім 2.1: 2025 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы жағдайы ұдайы қадағалансын және ақпарат назарға алынсын.

Т үшінші мәселе бойынша сөз алған О.Мейірбекова: Электр инженериясы кафедрасы бойынша 6B07153-Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламалары бойынша алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы құрамы туралы ұсыныспен таныстырды. Компьютерлік инженерия кафедрасы бойынша 6B06151-Ақпараттық жүйелер, 6B06182-Компьютерлік инженерия, 6B06181-Ақпаратты өңдеу және деректерді визуализациялау, 7M06128-Ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламалары бойынша алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы құрамы туралы ұсыныспен кафедра меңгерушісі А.Аманов таныстырды. Г.Ниязова: Комиссия төрағасын және комиссия мүшелерін іріктеуде қажетті талаптардың негізге алынғандығын атап айтып, ұсынысты бекітуге жіберу үшін дауыс беру қажеттігін айтты. Мәжіліс мүшелері ұсыныстарды бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 3.1. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы университет Оқу-әдістемелік комитеті тарапына бекітуге ұсынылсын.

М

Ы **Төртінші мәселе бойынша** ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы сөз алған факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова: Факультет бойынша жоспарланған ашық сабақтардың саны, орындалғаны 5. Ашық сабақтар бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамалары толтырылған. Ашық сабақтар өту барысында профессор-оқытушылар жаңа технологияны пайдаланған. Ашық сабақтардың оқыту нәтижелері айқындалған. Білімгерлердің өздігінен ізденту, ойлау қабілеттерін арттыруға бағытталған. Пәнаралық байланыс және кері байланыс тиімді ұйымдастырылған.

а

л **Шешім:**

а **4.1** Факультет кафедраларында ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату нәтижелері назарға алынсын.

у

ы

т

Бесінші мәселе бойынша сөз алған Оқу-әдістемелік комитет төрағасы Г.Ниязова: Білім беру бағдарламасын іске асыру шеңберінде оқытудың инновациялық әдістері мен заманауи білім беру технологияларын енгізу барысына жоспарлы мониторинг жүргізілді. Мониторингтің мақсаты – оқу үдерісінің тиімділігін арттыру және білім алушылардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру деңгейін бағалау. Мониторинг нәтижелері бойынша оқытудың интерактивті, цифрлық және студентке бағдарланған әдістері білім беру бағдарламалары аясында жүйелі түрде қолданылып жатқандығы анықталды. Атап айтқанда, проблемалық оқыту, жобалық әдіс, кейс-технологиялар, электрондық ресурстар оқу үдерісіне енгізілген.

Сонымен қатар, аға оқытушы А.Баялы: білім алушылардың оқу белсенділігі мен сабаққа қатысу деңгейінің артқаны, өздік және зерттеушілік жұмыстардың үлесінің ұлғайғаны байқалды. Оқытушылар тарапынан инновациялық әдістерді қолдану сапасын одан әрі жетілдіру маңыздылығын атап өтті.

Сөз кезегін алған Ж.Калимбетова Жалпы алғанда, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу барысын **қанағаттанарлық** деңгейде жүзеге асырылып жатыр деп бағалауды ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 5.1: Инженерия факультеті бойынша ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау педагогикалық озық тәжірибе тарату нәтижелері назарға алынсын.

Алтыншы мәселе бойынша бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу, постмониторинг жұмыстарын ұйымдастыру туралы сөз алған Ж.Калимбетова: факультетте 2025-2026 оқу жылында Электр инженериясы кафедрасында 2025-2026 оқу жылында В064-Механика және металл өңдеу (6В07189-Машина жасау) ББ аккредитациядан өтеді. Аккредитацияланатын білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау есебін әзірлеуге дайындық жұмыстары жүргізілу үстінде екенін атап өтті. Компьютерлік инженерия кафедрасы бойынша сөз алған А.Баялы кафедрада 2024-2025 оқу жылында аккредитацияланатын ББ жоқ екендігін мәлімдеді.

Шешім 6.1: В064-Механика және металл өңдеу (6В07189-Машина жасау) ББ аккредитациялануына қажетті дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Жетінші мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау туралы Компьютерлік инженерия кафедрасы меңгерушісі, А.Аманов келесідей ақпарат ұсынды:

Жоғары білім бойынша

Коды	Топтың атауы	Гранттардың жалпы саны	Күндізгі толық
В057	Ақпараттық технологиялар	120	120

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша

Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	Орындар саны
М094	Ақпараттық технологиялар	10
Д094	Ақпараттық технологиялар	5

Сөз кезегін алған Электр инженериясы кафедрасы меңгерушісі З.Абдикулова 2026-2027 оқу жылы үшін мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру мақсатында ақпараттық карта толтырылатын білім беру бағдарламалары тізімін келесідей ұсынды:

Жоғары білім бойынша

Коды	Топтың атауы	Гранттардың жалпы саны	Күндізгі толық
B062	Электр техникасы және энергетика	30	30
B063	Автоматтандыру және басқару	30	30
B064	Механика және металл өңдеу	30	30

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бойынша

Коды	Білім беру бағдарламаларының атауы	Орындар саны
M099	Электр энергетикасы	5
M100	Автоматтандыру және басқару	5

Шешім 7.1: 2026-2027 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімі назарға алынсын.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.Д.Меирбекова